«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ

«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры,
профессор М. Рысбеков

«_31_» _______ 2024 ж.

**РЕЗИДЕНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
**7R01131**
**«НЕОНАТОЛОГИЯ»**

**Шымкент, 2024**

Резидентура бойынша «Неонатология» білім беру бағдарламасы «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығы негізінде әзірленген.

| Қызметі | Т. А. Ә. | Қолы |
|---|---|---|
| **Әзірленген** | | |
| Педиатрия-2 кафедрасының ПОҚ | | |
| Кафедра меңгерушісі, профессор | Бектенова Г.Е. | |
| М.ғ.к., доцент м.а. | Жумабеков Ж.К. | |
| Ассистент | Карсыбаева К.Р. | |
| Практикалық денсаулық сақтау өкілі<br>ШЖҚ «Облыстық балалар ауруханасы» МКК басшысы | Досанова А.М. | |
| «Неонатология» БББ резиденті | Әбдіманапова П.Ж. | |
| Кафедра мәжілісінің хаттамасы<br>Хаттама №_6_ «25» «_01_» 2024ж. | | |
| **Педиатриялық бейіндер бойынша резидентура ББК отырысында талқыланды.**<br>**ББК төрайымы**<br>Хаттама №_5_ «26» «_01_» 2024ж. | Бектенова Г.Е. | |
| **Клиникалық Кеңесте талқыланған.**<br>**Клиникалық Кеңес төрағасы**<br>Хаттама №_8_ «29» «_01_» 2024ж. | Кауызбай Ж.А. | |
| **Бірінші проректорымен мақұлданған,**<br>**Бірінші проректор**<br>Хаттама №____ «30» «_01_» 2024ж. | Есиркепов М.М. | |
| **Ғылыми Кеңеспен бекітілген.**<br>Хаттама №_14_ «31» «_01_» 2024ж. | | |

**Білім беру бағдарламасының паспорты**

1. Білім беру бағдарламасының миссиясы:

Жоғары мамандандырылған, бәсекеге қабілетті дәрігер-неонатологтарды дайындау саласындағы танымал көшбасшы болу.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Өмірлік маңызды мүшелер мен жүйелердің функцияларын қалпына келтіру және қолдау бойынша жаңа туған нәрестелерге білікті көмек көрсетуге қабілетті және дайын әмбебап кәсіби құзыреттілік жүйесі бар білікті неонатолог-дәрігерді дайындау.

3. Білім беру бағдарламасының негіздемесі:

Неонатология - педиатрияның бір саласы, жаңа туған нәрестелерді күту туралы ғылым. Неонатологияның мәні: өмірдің алғашқы төрт аптасындағы балалардағы ауруларды диагностикалау мен емдеудің оңтайлы әдістерін іздеу, жаңа туған нәрестелерді оңалту, неонатальды кезеңде адамның кейінгі өмірінде денсаулық жағдайын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау. Дәл перинаталдық кезеңде (адамның жатырішілік өмірінің 28-ші аптасынан бастап туылғаннан кейінгі өмірдің 7-ші күніне дейін) адамның көптеген созылмалы ауруларының бастапқы және қайталама алдын-алу өте тиімді. Неонатология - жас ғылым: егер педиатрия медицинаның дербес бөлімі ретінде XIX ғасырдың бірінші жартысында ғана пайда болса, онда неонатология - XX ғасырда пайда болды. «Неонатология» және «неонатолог» терминдерін американдық педиатр Александр Шаффер 1960 жылы «Жаңа туылған нәрестелердің аурулары» атты нұсқаулықта ұсынған.

Бұл пәнді оқыту ұрықтың және жаңа туған нәрестенің, сондай-ақ өмірдің 1-ші жылында өсіп келе жатқан ағзаның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі жаңа туған нәресте мен баланың органдары мен жүйелерінің морфофункционалды ерекшеліктерін, қазіргі жағдайда тамақтану мәселелерін заманауи білуді қамтиды. Пәннің ажырамас бөлігі медицина ғылымының соңғы жетістіктері аясында неонатальды кезеңдегі әртүрлі балалар ауруларының патогенезін, сондай-ақ осы білімге негізделген патологияның әртүрлі түрлерін диагностикалау, емдеу және диспансерлік бақылау мәселелерін зерттеу болып табылады.

Жаңа туған нәрестелерге қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру. Диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін тәжірибеге енгізу үшін тұтастай алғанда неонаталдық қызметтерді ұйымдастыруды жетілдіру қажет. Бұл жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің жүру бағытын оңтайландыру, перинаталдық орталықтар желісін дамыту, бөлімшелерді стандарттарға сәйкес құрал-жабдықтармен жабдықтау кіреді.Жаңа технологияларды енгізу медицина қызметкерлерінен де жаңа білімді қажет етеді. Неонатология бойынша білім беру бағдарламаларын жаңғырту, озық тәжірибені меңгеру үшін біліктілікті арттыру циклдерін, тренингтер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру қажет.

4. Білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚРДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы.
- «Неонатология» кәсіби стандарты (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.01.2024 жылғы № 46 бұйрығы);
- "Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ - 43 бұйрығына және "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар

бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

5. Кәсіби қызмет саласы. Денсаулық сақтау.

6. Кәсіби қызметтің объектілері. Стационарлық және амбулаториялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйелері.

**Жалпы мәліметтер:**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Тіркеу саны | 7R09100104 |
| 2 | Оқу аймағының коды мен жіктемесі | 7R01 Денсаулық сақтау (медицина) |
| 3 | Дайындау бағытының коды мен жіктемесі | 7R011 Денсаулық сақтау |
| 4 | Білім бағдарламасының тобы | R031 Неонатология |
| 5 | Білім беру бағдарламасының коды, атауы | 7R01131 «Неонатология» (резидентура) |
| 6 | БББ түрлері | Жаңартылған БББ |
| 7 | МСКО бойынша деңгейі | 7 |
| 8 | НРК бойынша деңгейі | 7 |
| 9 | ОРК бойынша деңгейі | 7 |
| 10 | БББ негізгі ерекшеліктері | жоқ |
| | ЖОО-ның серіктестері (СОП) | |
| | ЖОО-ның серіктестері (ДДОП) | |
| 11 | Компетенция тізімі | **ҚҚ1.** Аурулардың негізгі патологиялық белгілері мен синдромдарын анықтай алады, жетекші синдром бойынша дифференциалды диагностика жүргізе алады, аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуін ескере отырып, клиникалық диагноз қою үшін зерттеу нәтижелерін түсіндіре алады.<br>**ҚҚ2.** Пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады, оларды талқылауға және диагностикалық, емдеу және профилактикалық іс-шараларға қатысуға тарта алады.<br>**ҚҚ3.** Неонаталдық бейіндегі профилактикалық мекемелерде дені сау және науқас жаңа туған нәрестелерді динамикалық бақылауды жүзеге асыруға қабілетті.<br>**ҚҚ4.** Заманауи клиникалық хаттамаларға сәйкес инфекциялық және инфекциялық емес науқастарға клиникалық тексеру жүргізе алады және клиникалық диагноз қоя алады.<br>**ҚҚ5.** Неонатологиядағы терапияның ықтимал қауіптерін бағалай алады, дәлелді тәжірибеге сәйкес емдеуді тағайындайды және оның тиімділігін анықтайды.<br>**ҚҚ6.** Неонаталдық жастағы негізгі ауруларды ерте сауықтыру шараларының кешенін ұйымдастырып, жүргізе алады. |
| 12 | Оқытудың нәтижелері: | **ОН1.** Клиникалық диагнозды құрастыруға, емдеу |

| | | |
|---|---|---|
| | | жоспарын тағайындауға және неонаталдық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті.<br>**ОН2.** Жаңа туған нәрестенің туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен жаңа туған нәрестенің үздік нәтижелеріне жету мақсатында тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті.<br>**ОН3.** Қауіп-қатерлерді бағалауға және неонаталдық көмектің жоғары қауіпсіздік деңгейі мен сапасынқамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті.<br>**ОН4.** Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру алаңы шеңберінде неонаталдық көмек, қарқынды терапия, реанимациялық көмек көрсету кезінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, жаңа туған нәрестенің денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті.<br>**ОН5.** Адекватты зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға, неонатология бойынша кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер базасын тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті.<br>**ОН6.** Өз бетінше оқуға, неонатологтардың кәсіби командасының басқа да мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті. |
| 13 | Оқытудың түрі | Күндізгі |
| 14 | Оқытудың тілі | Орысша және қазақша |
| 15 | Кредит көлемі | 140 |
| 16 | Оқу мерзімі | 2 жыл |
| 17 | Берілген дәреже, біліктілік | Дәрігер-неонатолог |
| 18 | Кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензияға қосымшаның болуы | KZ 22BFA00167288 |
| 19 | БББ-да аккредитацияның болуы | Бар |
| | Аккредитациялық ұйымның атауы | АРТА |
| | Аккредитацияның уақыт мерзімі | № KZ73LAA00011788 27.05.2021 -26.05.2026 |
| 20 | Пәндер бойынша ақпарат | Қосымша 1.2 |

Қосымша 1.1

**Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін қалыптастырылатын құзыреттермен байланыстыру матрицасы**

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **КҚ1** | + | + | + | | | |
| **КҚ2** | | + | | + | | |
| **КҚ3** | | | + | | + | |
| **КҚ4** | | | | + | | |
| **КҚ5** | | | | | + | |
| **КҚ6** | | | | | | + |

Қосымша 1.2

**Құзыреттілікке қол жеткізу/оқыту нәтижелерінің матрицасы**

| № | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Циклі | Компоненті | Кред саны | Қалыптасқан ОН |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Стационардағы неонатология. | ҚР неонатологиялық қызметті ұйымдастыру. Жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшесінің ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері. Неонатологиядағы дәлелді медицина. Нәрестені тексеру әдісі мен көлемін анықтау. Апгар шкаласы. Белгіленген хаттамалар мен стандарттарға сәйкес жүргізу тактикасын анықтау. Дифференциалды диагностика жүргізу, клиникалық диагнозды негіздеу, адекватты ем тағайындау. | БП | МК | 64 | ОН1<br>ОН4<br>ОН5 |
| 2 | Жаңа туған нәрестелердің патологиясы. | Нәрестелердің патологиясы: себептері мен түрлері. Физиологиялық және жүре пайда болған неврологиялық патология. Генетикалық негізделген патология. Өмірлік маңызды органдардың туа біткен ақаулары. Нәрестелердің жұқпалы аурулары. Босану жарақаттары. Нәрестелік кезеңнің аурулары.<br>Жекелеген патологиялық жағдайларда жаңа туған нәрестелерді жүргізу. Перинаталдық зақымданулары бар жаңа туған нәрестелерді емдеуді ұйымдастыру және жүргізу. | БП | МК | 14 | ОН1<br>ОН2<br>ОН3 |
| 3 | Шала туған балаларды күту. | Шала туған нәрестелерді пренаталдық және постнаталдық жүргізуді ұйымдастыру. Шала туған нәрестелерді барлық кезеңдерде күту, ДДҰ тиімді перинаталды күтім бағдарламалары тұрғысынан күтім ерекшеліктері. .Шала туған балаларды тамақтандыру. Жаңа туған нәрестелерді күтуге | БП | МК | 14 | ОН1<br>ОН4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арналған жабдық. Респираторлық терапия әдістері және өкпенің зақымдануын болдырмайтын стратегиялар. Асфиксиядан кейінгі нәрестелерді күту және емдеу. Нәрестелер патологиясы бар балаларды күту. | | | | |
| 4 | Жаңа туған нәрестелердің реанимациясы және қарқынды терапиясы. | Жаңа туған нәрестелерде синдромдық бұзылулар мен сыни жағдайлардың диагностикасы, этиопатогенетикалық емі және қарқынды терапиясы. жаңа туған нәрестелердің күтімі. Жаңа туған нәрестелердің витальды функцияларының мониторингі. Инфузиялық-трансфузиялық терапияны есептеу, жаңа туған нәрестелердің қанындағы электролиттік бұзылыстарды, коагулологиялық потенциалын және газдың құрамын коррекциялау. ДДСҰ бағдарламасына сәйкес жаңа туған нәрестелердің күрделі жағдайларындағы реанимациясы және қарқынды терапиясы. | БП | МК | 14 | ОН3<br>ОН4<br>ОН6 |
| 5 | Амбулаториялық неонатология. | Амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде неонатологиялық қызметтің ұйымдастыру мәселелері. Амбулаториялық кезеңде перинаталдық кезеңдегі патологиясы бар жаңа туған нәрестелерді диагностикалау, емдеу және оңалтудың заманауи технологиялары. Перинаталдық кезеңде және нәресте жасында тиімді тамақтандыру. ОЖЖ перинаталдық зақымданулары бар, гемолитикалық ауруын, респираторлық дистресс-синдромды, іріңді-қабыну ауруларын бастан өткерген балаларды диагностикалау, емдеу және оңалту хаттамалары. | БП | МК | 14 | ОН2<br>ОН3 |
| 6 | Неонатальды неврология. | Жаңа туған нәрестелердің неврологиялық статусын бағалау критерийлері. Негізгі неврологиялық функция-лардың қалыпты дамуы. Аурулардың диагностикасы. Даму патологияларының ерте диагностикасы. Жетіліп және шала туған нәрестенің жүйке жүйесінің даму ерекшеліктері.<br>Генетикалық бейімділік және тұқым қуалайтын аурулар. Перинаталдық кезеңнің патологиялық жағдайы. Жаңа | БП | МК | 7 | ОН1<br>ОН2<br>ОН5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | туған нәрестелерге шұғыл көмек көрсету. Нәрестелерді бақылау және оңалту. | | | | |
| 7 | Неонатальды хирургия. | Хирургиялық патологиясы бар нәрестелерге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Неонатальды кезеңнің даму ақаулары. Іріңді-септикалық аурулар. Босану және тұрмыстық жарақаттар. Босанғанға дейінгі диагностика. Шұғыл және жоспарлы неонатальдық операцияларға арналған көрсеткіштер. Неонатальды хирургиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері. Эндоскопиялық хирургия. Неонатальды хирургияның даму болашағы. | БП | МК | 7 | ОН1<br>ОН2<br>ОН5 |
| 8 | Неонатологиядағы клиникалық зертханалық диагностика. | Клиникалық-диагностикалық зертхананың жұмысын ұйымдастыру. Зертханалық қызметтің құқықтық сұрақтары. Перинатальдық кезеңге тән бұзылулар мен ауруларды диагностикалаудың зертханалық түрлерін тағайындау үшін көрсеткіштер.<br>Ұрықтың туа біткен даму ақаулары мен тұқым қуалайтын ауруларының диагностикасы. Ұрықтың пренатальды диагностикасының инвазивті әдістерін жүргізуге арналған көрсеткіштер. Пренатальдық диагностиканың тиімді және қауіпсіз әдістері. | БП | ТК | 4 | ОН3<br>ОН5 |
| 9 | Неонатологиядағы клиникалық фармакология. | Неонатологиядағы клиника-лық фармакологияның негізгі принциптері. Жаңа туған кезеңдегі антибиотикотера-пия. Неонатологиядағы ауырсыну және ауырсынуды басу. Емізулі әйелдердің фармакологиялық ерекше-ліктері. Нәрестелерге фармакотерапияны жүргізу. Жаңа туған нәрестелерге дәрілік заттарды тағайындау үшін көрсетілімдер мен қарсы айғақтарды, енгізу тәсілін анықтау. | БП | ТК | | ОН3<br>ОН5<br>ОН6 |
| 10 | Неонатологиядағы медициналық генетика негіздері. | Генетикаға кіріспе. Туа біткен ақауларды және генетикалық синдромдарды анықтау. Туа біткен ақаулары және генетикалық синдромдары бар жаңа туған нәрестелерді емдеу және жүргізу тактикасын анықтау. Медициналық-генетикалық кеңес беруді ұйымдастыру және жүргізу. Туа біткен | БП | ТК | | ОН2<br>ОН3<br>ОН6 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және тұқым қуалайтын аурулардың генезін анықтау. Науқас баланың туу қаупін анықтау. Жаңа туған нәрестелердің тұқым қуалайтын ауруларға және зат алмасу ауруларына скринингін ұйымдастыру. | | | | |
| 11 | Ғылыми зерттеулер менеджменті | Пән ғылыми зерттеулер әдіснамасының қағидаларын зерделеу, аналитикалық және эксперименттік ғылыми зерттеулердің әдіснамасын таңдау, ғылыми зерттеулердің объектілері мен қателіктерін анықтау дағдыларын, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу және ресімдеу жөніндегі ғылыми-зерттеу тобында жұмыс істеу, әдеби көздерді талдай отырып ғылыми жұмыстар жасау дағдыларын қалыптастырады | БП | ТК | | ОН 5<br>ОН 6 |
| | Барлығы: | | | | 138 | |
| | Қорытынды аттестаттау: | | | | 2 | |
| | Жалпы: | | | | 140 | |

**Оқытудың әртүрлі әдістері мен бағалау әдістері арқылы ОН-не жету матрицасы**

| Оқыту нәтижелері | Оқыту әдістері | |
|---|---|---|
| **ОН1.** Клиникалық диагнозды құрастыруға, емдеу жоспарын тағайындауға және неонаталдық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті. | Материалды талдау, резиденттен кері байланыс | Жағдайларды модельдеу Медициналық құжаттаманы жүргізу |
| **ОН2.** Жаңа туған нәрестенің туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен жаңа туған нәрестенің үздік нәтижелеріне жету мақсатында тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті. | Рефлексивті күнделік | Медициналық құжаттаманы жүргізу |
| **ОН3.** Қауіп-қатерлерді бағалауға және неонаталдық көмектің жоғары қауіпсіздік деңгейі мен сапасынқамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті. | Клиникалық жұмысты бақылау | |
| **ОН4.** Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру алаңы шеңберінде неонаталдық көмек, қарқынды терапия, реанимациялық көмек көрсету кезінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, жаңа туған нәрестенің денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби командалар құрамында жұмыс | Клиникалық жұмысты бақылау | Медициналық құжаттаманы жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| істеуге қабілетті. | | |
| **ОН5.** Адекватты зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға, неонатология бойынша кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер базасын тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті. | «Журнал клубы» | Тезистер, мақалалар жазу Көпшілік алдында сөйлеу |
| **ОН6.** Өз бетінше оқуға, неонатологтардың кәсіби командасының басқа да мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті. | Бақылау | |

**Оқыту нәтижелері мен бағалау әдістері арасындағы сәйкестік матрицасы**

| Оқыту нәтижелері | Бағалау әдістері | |
|---|---|---|
| **ОН1.** Клиникалық диагнозды құрастыруға, емдеу жоспарын тағайындауға және неонаталдық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті. | Тестілеу Ауызша сауалнама | Эссе (қысқа және ұзақ) Қысқа жауап |
| **ОН2.** Жаңа туған нәрестенің туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен жаңа туған нәрестенің үздік нәтижелеріне жету мақсатында тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті. | OSCE (дағдыларды тексеру станцияларымен). Мини-клиникалық емтихан. | Ұзақ жағдай. Күнделік жүргізу. |
| **ОН3.** Қауіп-қатерлерді бағалауға және неонаталдық көмектің жоғары қауіпсіздік деңгейі мен сапасынқамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті. | Ауру тарихындағы жазбаларды талдау. Дәрігер қызметінің жазбаларын талдау. | Ауру тарихындағы жазбаларды талдау. |
| **ОН4.** Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру алаңы шеңберінде неонаталдық көмек, қарқынды терапия, реанимациялық көмек көрсету кезінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, жаңа туған нәрестенің денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті. | Бағалау $360^0$ | Пациенттердің пікірлері. Басқа білім алушылардың пікірлері. Бағалау $360^0$ |
| **ОН5.** Адекватты зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға, неонатология бойынша кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер базасын тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті. | Реферат/ презентация | Жарияланымдар |
| **ОН6.** Өз бетінше оқуға, неонатологтардың кәсіби | Портфолио | Клиникалық |

| | | |
|---|---|---|
| командасының басқа да мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті. | | жазбалар<br>Өзін-өзі бағалау |

## Бүкіл оқу кезеңіне арналған жұмыс жоспары:

| Пәндер циклы | | Пән коды | Пәндердің/ модульдердің атауы | Кредиттер саны | Жалпы сағаттар | Аудиторлық | БӨЖ | | 1 оқу жылы | 2 оқу жылы | Бақылау түрі | Қорытынды аттестаттау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ОБӨЖ | БӨЖ | | | | |
| **БП/ПД/PD/** | | | **БЕЙІНДІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ** | **138** | **4140** | | | | | | | |
| БП/ПД/PD/ | МК/ОК/UC/ | | **Міндетті компоненті:** | **134** | **4020** | | | | | | | |
| | | R-SN | Стационардағы неонатология | 64 | 1920 | 384 | 1248 | 288 | 42 | 22 | Емт | |
| | | | Стационардағы неонатология | 42 | 1260 | 252 | 819 | 189 | 42 | | Емт | |
| | | | Стационардағы неонатология | 22 | 660 | 132 | 429 | 99 | | 22 | Емт | |
| | | R-ShTBK | Шала туған балаларды күту | 14 | 420 | 84 | 273 | 63 | 14 | | Емт | |
| | | R-ZhTNP | Жаңа туған нәрестелердің патологиясы | 14 | 420 | 84 | 273 | 63 | | 14 | Емт | |
| | | R-ZhTNRKT | Жаңа туған нәрестелердің реанимациясы және қарқынды терапиясы | 14 | 420 | 84 | 273 | 63 | | 14 | Емт | |
| | | R-AN | Амбулаториялық неонатология | 14 | 420 | 84 | 273 | 63 | 14 | | Емт | |
| | | R-NN | Неонатальды неврология | 7 | 210 | 42 | 136 | 32 | | 7 | Емт | |
| | | R-NH | Неонатальды хирургия | 7 | 210 | 42 | 136 | 32 | | 7 | Емт | |
| | TK/KV/OC/ | | **Таңдау компоненті:** | **4** | **120** | **24** | **78** | **18** | | **4** | | |
| | | R-NKZD<br>R-NKF<br>R-NMGN | Неонатологиядағы клиникалық зертханалық диагностика<br>Неонатологиядағы клиникалық фармакология<br>Неонатологиядағы медициналық генетика негіздері | 4 | 120 | 24 | 78 | 18 | | 4 | Емт | |
| | | | **БАРЛЫҒЫ:** | **138** | **4140** | **828** | **2691** | **621** | | | | |
| **АА** | | | **АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ** | | | | | | | | | |
| **ҚА** | | | **ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ** | **2** | **60** | | | | | **2** | | 60 |
| | | | **ЖАЛПЫ:** | **140** | **4200** | **828** | **2691** | **621** | 70 | **70** | | **60** |